



**ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ МИССИОНЕРЛІК**  
**MISSIONARY IN THE CONTEMPORARY WORLD**  
**МИССИОНЕРСТВО В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті**  
**Философия және саясаттану факультеті**  
**Дінтану және мәдениеттану кафедрасы**  
**“ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ МИССИОНЕРЛІК”**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ**  
**МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

**Алматы, 29 сәуір, 2015 ж.**

**Казахский национальный университет**  
**имени аль-Фараби**  
**Факультет философии и политологии**  
**Кафедра религиоведения и культурологии**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**  
**РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ**  
**КОНФЕРЕНЦИИ**  
**“МИССИОНЕРСТВО В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ”**

**Алматы, 29 апреля, 2015**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті  
Философия және саясаттану факультеті  
Дінтану және мәдениеттану кафедрасы**

**Казахский национальный университет имени аль-Фараби  
Факультет философии и политологии  
Кафедра религиоведения и культурологии**

**ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ МИССИОНЕРЛІК**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**Алматы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 29 сәуір, 2015 ж.**

---

**МАТЕРИАЛЫ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ**

**МИССИОНЕРСТВО В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ**

**Алматы, 2015**

Редакция алқасы / Редакционная коллегия

Төраға / Председатель

Құрманалиева Айнур Дүрбелеқызы

дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы,  
профессор / заведующая кафедрой религиоведения и культурологии, доктор философских наук,  
профессор

Редакциялық коллегия мүшелері / члены редакционной коллегии

Байтенова Назима Жаулыбаевна

философия ғылымдарының докторы, профессор / доктор философских наук, профессор

Ғарифолла Есім

ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор / Академик НАН РК, доктор  
философских наук, профессор

Құлсариева Ақтолқын Тұрлыханқызы

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор / член-  
корреспондент НАН РК, доктор философских наук, профессор

Рысбекова Шамшия Сәйдәлиевна

философия ғылымдарының докторы, профессор / доктор философских наук, профессор

Борбасова Қарлығаш Молдағалиқызы

философия ғылымдарының докторы, профессор / доктор философских наук, профессор

Абжалов Сұлтанмұрат Өтеңұлы

философия ғылымдарының кандидаты, доцент / кандидат философских наук, доцент

Мейрбаев Бекжан Берікбайұлы

философия ғылымдарының кандидаты, доцент / кандидат философских наук, доцент

Утебаева Динара Сахибоэна

жауапты хатшы, докторант / ответственный секретарь, докторант

«Қазақстан Республикасындағы миссионерлік қызмет ерекшеліктері» ғылыми-зерттеу жобасы  
аясында / В рамках научно-исследовательского проекта «Особенности миссионерской  
деятельности в Республике Казахстан»

Қ22 «Қазіргі әлемдегі миссионерлік» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция  
материалдары. Алматы, 2015. – 314 б. Материалы Республиканской научно-практической  
конференции «Миссионерство в современном мире» Алматы, 2015. –314 с.  
ISBN 978-9965-20-788-4

Бүгінгі таңда, миссионерлік іс-әрекет, осыдан туындайтын қазіргі қоғамдағы діни бірегейлік пен діни айқындалу мәселесі өзекті болып табылады. Себебі, қазіргі қоғамда жастардың діндарлық деңгейінің және діни салаға араласуының жоғарылауын байқауға болады. Қоғамдағы діни фактор рөл мен діни идеялар ықпалын дінтанулық талдау, қалыптасқан жағдайды объективті анықтау үшін, қазақ халқының тарихи қалыптасуындағы жаңа діни ұйымдардың рөлі мен орнын ескеру қажет. Жинақта дәстүрлі және дәстүрлі емес жаңа діни қозғалыстар, деструктивті культтер мен секталар қызметін қамтитын зерттеулер бойынша мақалалар жинақталған. Жинақ аталған тақырыппен айналысып жүрген ғалымдар, жас зерттеушілер, жоғары және орта мектеп оқытушылары, докторанттар мен магистранттар, мемлекеттік жұмыс қызметкерлері және діни қайраткерлер, сонымен қатар, осы мәселеге қызығушылық танытқан көпшілік қауымға арналған

На сегодняшний день вопрос о миссионерской деятельности и как следствие, проблема религиозной идентификации являются актуальными для современного общества, в котором в целом наблюдается увеличение уровня религиозности населения и большая вовлеченность молодежи в религиозную сферу. Увеличение роли религиозного фактора в обществе непосредственно связано с распространением тех или иных религиозных идей. Для объективного определения степени влияния религиозных идей и анализа религиозной ситуации важно учесть роль и место новых религиозных организаций и движений в историческом становлении казахского народа. В предлагаемом сборнике материалов представлены статьи посвященные исследованию деятельности как традиционных, так и нетрадиционных, новых религиозных движений, деструктивных культов и сект. Сборник рекомендуется ученым, молодым исследователям, занимающимся проблемами обозначенной темы, преподавателям высших и средних образовательных учреждений, докторантам и магистрантам, сотрудникам государственных служб и религиозным деятелям, а также широкому кругу интересующихся данной проблемой.

Діни жағдайдың қалыптатылығы және миссионерлік мәселесі

Бүгінгі Қазақстанда діннің ықпалын білу үшін және діни жағдайды сараптау үшін, діни жағдайдың бір қалыпты дамуын қамтамасыз ету үшін қазақ халқының тарихи қалыптасуы жолында таныс емес ұйымдардың, олардың миссионерлік қызметін назардан тыс қалдырмау керек. Әлемдегі діннің негізінде туындап отырған мәселелерді сараптасақ, қоғам қауіпсіздігінің ең басты құндылық екенін мойындауымыз керек. Бейбіт өмір сүру ел дамуының басты тұғыры екені ақиқат. Қоғамдағы діннің ықпалды болуы дінді таратумен, яғни миссионерлік қызметтің деңгейімен байланысты екені белгілі.

Миссионерлік қызметті жүргізетін діни ұйымның өкілі – миссионер. Ол ұғымның бірқатар мағыналары сөздіктерде берілген. Ұғымдардың ерекшеліктері болғанмен, ортақтасатын тұсы миссионердің христиан дінін басқа діни ортада таратып, өз дініне қаратуды мақсат ететін діндар болып есептеледі. Бұған қоса, миссионер идеологиялық экспансияның қызметтерін атқарады деген анықтама да берілген [1]. Біздің елімізде миссионерлік қызмет «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Заңмен» қадағаланады. Заңның 1-бабы, 5-пунктінде «миссионерлік қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктердің атынан Қазақстан Республикасының аумағында діни ілімді таратуға бағытталған қызметі» деген анықтама берілгенмен, миссионердің кім екені туралы ұғым нақты анықталмаған. Миссионерлік қызмет жасау осы заңның 8-бабында көрсетілген талаптарға сай жүргізіледі [2].

Миссионерлік қызметке мұқият болу діннің қоғамдағы атқаратын қызметтеріне байланысты туындайды. Діннің қызметтерін дұрыс білу діни негіздегі мәселелердің алдын алудың негізі болып табылады. Дінтанулық ғылымда діннің дүниетанымдық, компенсаторлық, коммуникативтік, регулятивтік, интеграциялаушы-дизинтеграциялаушы, мәдениет тасымалдаушы, легитимдеуші-делегитимдеуші қызметтері көрсетіледі. Діннің функциялары оның қоғамдағы әрекет ету тәсілдері болса, осы функциялардың нәтижесінде алынған қорытынды діннің ролін көрсетеді [3].

Уақыт өткен сайын қоғамда діннің ықпалы артуып келеді, сондықтан байланысты бұл мәселе мемлекет қауіпсіздігі мәселесімен тығыз байланыста зерттелуі тиіс. Ползетносты және поликонфессиялы мемлекетте діннің консолидациялық ролін пайдалану терең кәсібилікті қажет етеді. Осы ретте діннің интеграциялаушы және дезинтеграциялаушы қызметтері әрқашан ескерілгені жөн. Діннің бұл қызметіне басым назар аудару діни негіздегі қайшылықтардың (мәселен, этноконфессиялық сипаттағы судандық мәселе, Солтүстік Судан – сунниттік мұсылмандар, Оңтүстік Судан – католиктер, протестанттар арасындағы қақтығыстар, сондай-ақ Кеңес Одағы тұсында бір

## Мазмұны

<b>Құрманалиева А.Д.</b> Діни жағдайдың қалыптлығы және миссионерлік мәселесі.....	3
<b>Сатершинов Бақытжан, Сейтахметова Наталья, Құрманғалиева Ғалия</b> Қазақстандық діни сана мен діни бірегейлікке салафизм ағымының ықпалы.....	7
<b>Рысбекова Ш.С., Кабиденова Ж.Д., Жапекова Г.К.</b> Неохристианство: некоторые аспекты формирования НРД.....	14
<b>Мәшімбаев С.М.</b> Қазақстандағы отаршыл миссионерлердің қызметі.....	20
<b>Сабри Хизметли</b> Қазақстандағы зиянды ағымдар мен миссионерлік секталар.....	24
<b>Булкбаев С. Б.</b> О необходимости государственной программы религиозного просвещения	28 ✓
<b>Дабжанова Ж.Б.</b> Организация «Джойнт» и ее миссионерская помощь еврейским религиозным общинам Казахстана.....	34
<b>Лукпанов А.И.</b> Политическая сакрализация : история и современность.....	42
<b>Джуманова Г.Ж.</b> Миссионерство и духовная безопасность общества.....	49
<b>Мустафаев Е.Н.</b> Политика светского государства в религиозной сфере.....	53
<b>Шалгынбай Ж.Ж.</b> Издание православной миссионерской литературы в дореволюционном Казахстане.....	57
<b>Әмірғазин С.Т.</b> Білікті протестанттар қайдан және қалай қалыптасуда?.....	65
<b>Рысбекова Ш.С.</b> Католическая Церковь и Молодёжь.....	69
<b>Амребаева Ж.Т.</b> Жүсіп Баласағұнның «Құтты білім» поэмасы аймақтың дәстүрлі мұсылмандық метафизикалық әлем картинасын бейнелейтін ортағасырлық түркі дереккөзі ретінде.....	75

**Жүніспаев Ж.Е.**  
«Таблиги Жамағат» ұйымының миссионерлік іс-әрекетінің зардаптары..... 83

**Каирова Б.Е.**  
Религиозное мировоззрение казахов..... 87

**Алпысбаева Қ.Б., Әуесбаева П.Т.,**  
Ислам діні негізінде туындаған діни дастан..... 91

**Шаукенов Ж. А.**  
Взаимодействие государственных органов в противодействии религиозному экстремизму и терроризму в Казахстане..... 98

**Рақыш Ж.С.**  
Діни дастандардағы имандылдылық мәселесі..... 100

✓ **Абдрашев Р.М., Баймагамбетова З.М., Сералиева А.М.** *Решоф*  
Правовое обеспечение борьбы с деструктивными религиозными объединениями в Республике Казахстан..... 105

**Шаукенов Ж.А.**  
Традиционные духовно-нравственные ценности Казахстана..... 110

**Шаймерден Г.И.**  
Толерантность и некоторые аспекты религиозной безопасности..... 113

**Тұрсынбай Н.А.**  
Қазақстандағы дәстүрлі діндердің ақпараттық-насихаттық жұмыстарындағы маңыздылығы..... 118

**Жүсіп Ж. Қ.**  
Жергілікті жерлерде дін саласындағы әлеуметтік зерттеулер жүргізудегі ерекшеліктер мен қиындықтар..... 123

✓ **Джумашева А.Б.**  
Миссия современного педагога в предупреждении экстремизма..... 125

**Бейсенов Б., Игисенова А.**  
Христиандық тарихындағы ересьтік(бидғаттық) ілімдер..... 129

**Суембай А.**  
Государственное регулирование миссионерской деятельности..... 133

**Тұңғышбай А.**  
Қазақстандағы неопротестанттық ағымдардың миссионерлік қызметі.... 138

<b>Бейсенов Б., Укибаев А.</b> Сунниттік бағыттағы мектептердің қалыптасуы мен даму жолдары.....	144
<b>Аздархан Ж.А.</b> Дәстүр мен діннің үйлесіміндегі ұлттық киім ерекшелігі.....	150
<b>Сейтқазиев Р.У.</b> Діни білімнің жастар бойына қалыптастырар қасиеті көп.....	155
<b>Шпилькин Ю.И.</b> Экуменизм разума.....	158
<b>Аймухамбетов Т.Т.</b> Правовые нормы в контексте регулирования государственно-конфессиональных отношений.....	164
<b>Асқанбеков С.</b> Қазақстандағы қазіргі қоғамдағы миссионерлік.....	167
<b>Әбдіхамитов Б.Х.</b> Орталық Азияға ислам дінінің таралуындағы сопылық рөлі.....	174
<b>Бердалы Қобыланды</b> Даосизм дінінің шығу тарихы мен ілімдік ерекшелігі.....	179
<b>Байтенова Н.Ж., Арапат.А.М.</b> Деструктивті діни ағымдардың өздеріне тарту әрекеттері және нәтижелері.	186
<b>Байтенова Н.Ж., Рахмания.А.Р</b> Қазақстандағы дәстүрлі емес діни ұйымдардың миссионерлік қызметінің көріністері мен нәтижелері.....	192
<b>Байтенова Н.Ж., Ұлан М.</b> ҚМДБ-ның қалыптасу тарихы мен қоғамдық қызметі.....	197
<b>Ермуханова Х. К.,</b> Түркі дүниесінің рухани мәселелері.....	203
<b>Борбасова Қ.М., Тулегенов А. Е.</b> Қазақстандағы Орыс православ шіркеуінің қызметі.....	206
<b>Жумаканова Б.</b> Жарнама күнделікті мәдени коммуникация факторы ретінде.....	211
<b>Борбасова Қ. М., Жұмағұлова С.М.</b> Семиотика ғылымының негіздемесі.....	218

<b>Қадыров А.</b> «Кемелдену» жолындағы буддалық тәжірибелердің ерекшелігі.....	222
<b>Құрманалиева А.Д., Маликова А.</b> Алматы агломерациясындағы діни үрдістерге миссионерліктің ықпалы..	228
<b>Мадалиева Ж. Қ.</b> Ұлтаралық қармы-қатынастар шеңберіндегі толеранттылық.....	232
<b>Орынбекова А.</b> Құрандағы этикалық ұғымдар мен түсініктер.....	237
<b>Абжалов С.У., Мырзабаева К.</b> Исмаилиттердің миссионерлік қызметі мен діни көзқарастары.....	243
<b>Омаров Т., Мансуров Б.</b> Ислам дініндегі күнә ұғымын білдіретін категориялар және олардың мәні..	249
<b>Ғабитов Т.Х., Амирханов А.</b> Жаһандану үрдісі мен әлеуметтік желілер.....	256
<b>Исмағамбетова З.Н., Орманова А.Қ.</b> Ғылыми фантастика феноменін зерттеу проблемалары.....	259
<b>Саруар Али</b> Исламдық қаржыландыруды дамыту негіздері.....	265
<b>Ермекова Г.С.</b> Геронтологиялық қатынастарды зерттеу негіздері.....	268
<b>Сейтқазиева А.Б., Жанбаева Ж.А.</b> Діннің адам іс-әрекетіне қалыптастыратын ықпалы.....	273
<b>Мамбетбаев Қ.</b> Дін тарату мақсатында Мұхаммед пайғамбардың ел билеушілеріне жолдаған хаттарының маңызы.....	275
<b>Саруар Али</b> Ислам дініндегі зекет пен дийяның орны.....	279
<b>Шубаева У.Қ.</b> Исламдық дәстүрден тыс діни ұйымдардың жұмыс жасау әдістері.....	282
<b>Рысбекова Г.Е.</b> Қазақстан жеріндегі миссионерлік бағыттың алғашқы пайда болу тарихы.	287

<b>Нугыманова Б.К., Токтасынова Б.С.</b> Қазіргі кездегі діннің жастарға ықпалы.....	291
<b>Ержігітов М.</b> Хошкөру (толеранттылық) ұғымы аясындағы дін мен мемлекеттің қатынасы туралы ой.....	293
<b>Маймақова К.</b> Діни сана, терроризм мен экстремизм.....	298
<b>Шардарбеков А.</b> Әл-Фарабидегі таным арқылы бар болу идеясы.....	302

время молитве или потратить его на работу. Часто бывает, что в желании отдохнуть, страдающие от наркомании всё же приходят на молитву, со временем она становится осознанной. Более 90 % людей, прошедших там курс лечения, излечиваются от наркомании. Часть остается в таких общинах, чтобы помогать тем, кому еще придётся бороться с проблемами, с которыми удалось справиться им.

Архиепископ Томаш Пета сказал о том, что есть идея создания такой общины в Казахстане, но пока еще данная идея не реализована, так как требуется основательная подготовка, ведь работа в общине должна быть построена крайне строго. С наркоманами должен работать тот, кто сам прошёл через это и знает, как себя нужно вести в подобной ситуации и чем можно помочь.

Что же касается работы, которая ведется в других областях, то тут можно сказать о функционировании на базе Католического прихода в Караганде общества анонимных алкоголиков. Это общество ориентировано на людей разного возраста, но нужно признать, что проблема алкоголизма очень распространена в среде молодежи. Радует тот факт, что люди приходят к осознанию своей проблемы и сами изъявляют желание работать с ней.

В этой же области частично свою деятельность ведут Сестры Миссионерки Божественной Любви (часто их называют сёстрами Матери Терезы), которые время от времени посещают наркологический диспансер, где встречаются с пациентами, чтобы побеседовать с ними и поддержать.

Итак, информация, представленная в данном обзоре, даёт представление о деятельности Католической церкви, направленной на молодежь. Одним из наиболее распространённых видов этой работы являются встречи. Их ценность заключается в массовом общении молодежи-единомышленников, в разделении опыта молодежи разных стран.

Церковь, в свою очередь, делает большую ставку на молодежь, надеясь, что их энергия даст им сил творить историю, учитывая ошибки предыдущих поколений и избегая новых ошибок.

#### Использованная литература:

1. [www.en.wikipedia.org/wiki/World\\_Youth\\_Day](http://www.en.wikipedia.org/wiki/World_Youth_Day) (Wikipedia/ World Youth Day);
2. [www.pressclub.host.ru/PR\\_Lib/solodov.doc](http://www.pressclub.host.ru/PR_Lib/solodov.doc) (В. Солодов PR-деятельность Римской католической церкви: пример Франции).

Амребаева Ж.Т.,  
Алматы Менеджмент Университет  
Білімді дамьғу Институтының  
жобалар жетекшісі

#### Жүсіп Баласағұнның «Құтты білім» поэмасы аймақтың дәстүрлі мұсылмандық метафизикалық әлем картинасын бейнелейтін ортағасырлық түркі дереккөзі ретінде

Баяндаманың негізгі тезистері төмендегі ретпен келтірілген: (1) XI ғасырдағы отандық жазба дәстүрінің ескерткіші Жүсіп Баласағұнның «Құтты білім» поэмасы Орталық Азиядағы исламның дәстүрлі ханафиттік діни доктринасының көрінісі ретінде; (2) түркі ойшылының поэмасы түркілердің дәстүрлі дүниетанымдық бағдарлары мен әлемдік дүниетанымдық жүйелері синтезінің мысалы ретінде қарастырылады; (3) заманауи жағдайларда Қазақстанның алдында, ежелден қалыптасқан қазақ рухани дәстүрлерін ханафилик бағыттағы суннизммен синтездеу қажеттілігі тұр. Сол себепті өткен кезеңдердің тарихи-философиялық тәжірибесі, оның ішінде Жүсіп Баласағұнның «Құтты білім» поэмасының алатын орны ерекше.

Аталған тезистерді негіздеу, біріншіден, Ж.Баласағұн поэмасы «жергілікті деңгейде» антикалық мұра «фәлсафаны» және Шығыс Ренессансы дәуірінің мұсылмандық діни мәдениетін «сіңірудің» мысалы болып табылатыны, Баласағұнның Жалғыз/Құдай – Алла мәселесіне деген қатынасын анықтауы; екіншіден, Ж.Баласағұнның поэтикалық философиялық пайымдауы, оның онтологиялық, гносеологиялық әлем картинасы – Құдай, әлем, табиғат, адам, таным туралы көзқарастары ортағасырлық философиялық пайымдау кеңмәтініне үйлесіп, дәстүрлі түркі дүниетанымның көрінісі екендігі сияқты идеяларға сүйенеді.

Қалыптасқан тарихи-философиялық дәстүр бойынша араб-мұсылман Шығысындағы философиялық дәстүрлердің дамуы және меңгерілуінде Әл-Фараби еңбектерінің зор маңызы бар. Әбу-Насыр “жалпы теориялық ой жетістіктерін (Платонның, Аристотельдің және кейінгі ғалымдардың мұраларын) шығармашылықпен қарастыра отырып, халық даналығындағы барлық жақсыны қабылдай отырып, ортағасырдағы ғылымның даму нәтижелерін жалпылай отырып, өзінің энциклопедиялық ілімін жасады” [3, 5].

Ж. Баласағұн жергілікті рухани дәстүрлер негізінде пайда болған христиандық пен ислам сияқты әлемдік діндердің дүниетанымның әмбебап жүйелері ретінде қалыптасқан кезеңінде және Жерорта теңізі, Таяу және Орта Шығыстың көне өркениеттері халықтарының рухани эволюциясының жаңа кезеңіне айналған дәуірінде өмір сүрді. «Феодализм дәуіріндегі Еуропа мен Таяу Шығысқа тән ортағасырлық философиялық пайымдау әдісінің өзіндік ерекшелігі - оның иудаизм, христиандық және мұсылмандыққа ортақ принциптер, яғни ашылу мен монотеизм принциптеріне негізделген діни идеологиямен байланысты болды. Философия үшін діни идеологияға фундаменталды тәуелділік, оның діни санамен кірігіп, астасып кетуін білдірмесе

де, барлық кезең барысында философиялық мәселелердің ерекшелігін және оларды шешу жолдарын таңдау мәселесін айқындады» [4, 9-18,389-393].

Ж.Баласағұнның өмір сүрген кезеңі, әлемдік діндер уақытымен тұспа-тұс келді. Мәдениеттің барлық элементтерінде, жалпы мәдениетте осы діндердің терең таңбасы кездесті. Өзінің құдіреттілігінде жаратушы және басқарушы шексіз, абсолютті Құдай идеясы, философияның білімдер жүйесіндегі және адам өміріндегі рөлін өзгертпей қоймады. Сондықтан, «ортағасыр философиясы мен теологтарын салыстыра отырып, діни дүниетанымның бар, не жоқ екендігін емес, қандай да бір ойшылдың діни ортодоксалдыққа жақындау немесе одан алшақтау деңгейі жөнінде айтуға болады» [5, 139-140]. Алғашқылар мен кейінгілердің арасындағы негізгі айырмашылық жалпы дүниетанымдағы сенім немесе ақыл, дін немесе философияға басымдық беруді анықтаумен байланысты.

«Философ» сөзінің мәні тарихи кеңмәтінде өзгеріске ұшыраса да, барлық уақытта философ болу тек ерекше бір қызметпен айналысу ғана емес, пайымдаудың айрықша әдісі мен шығармашылықпен өмір сүру мүмкіндігіне ие болуды білдірді. Егер, мәтінді оқысақ, Баласағұн өзін философпын деп есептемеген. Ол өмір сүрген заман дәстүріндегі "fajlasuf" термині пайымдаудың антикалық үлгілерін бейімдеу қызметін білдірді, ал бұл біздің автордың тікелей міндеті емес болатын. Дегенмен, адам мәдениеті жүйесіндегі философия қызметтері Баласағұн пайдаланған дәстүрге сай, ол ғылымдардың мәні мен онтологиялық негіздерін, сонымен бірге, болмыстың әмбебап заңдылықтарын теориялық білімін практикалық қолдану ретінде, өнерді терең танудың басты шарты ретінде танылады. Философтардың қоғамдағы рөлін ақын былай деп сипаттайды. «Тағы бір топ ғалымдар мен даналар, ілім беріп, халық жолын саралар. Құрмет қылып, қадірле сөз түйгенін, көп пе, аз ба, білімдерін үйренгін. Солар жарар-жарамасты парықтар, пәк турашыл жолды тұтып, анықтар... Білімдері шырақ болды халыққа, түн жолы да адастырмас, жарықта» [1, бәйіттер 4342-4345].

Ортағасырлық философияның басқа маңызды қызметі, ол нағыз діннің теориялық негізі болып табылатындығында жатыр. Ж.Баласағұн мұсылман үмметінің қайраткерлері туралы былай деп жазады: «Хақиқат дін зердеге сап жаттары, білімдері шын – шарифат шарттары [1, бәйіттер 4346]. Басқаша айтқанда, Құдайға деген мұндай сенім ешқандай қателіктер мен адасушылықтардан кірлемейді, ол өзінің абсолютті нысанына лайықты болады және құдайлық ілімнің концептуалды шарты ретінде алға шығатын барлық әлем мен жаратылыстың алғашқы бастамасын философиялық яғни, ақылмен түсіну негізінде нағыз діннің мәніне айналады. Әділ адамзат қауымдастығын құру мәселесі философияның алдыңғы рөлімен фундаменталды және тығыз байланысты.

Сонында, философиялық білімнің көптүрлі қызметтерінің жиынтығы, нағыз болмыстың соңғы мақсатына – жалпыға ортақ және толыққанды адам бақытына жетуге бағытталған эвдемонистік концепциямен жалпыланып, аяқталады. Жалпыға ортақ бақыттың классикалық нұсқасы түркі тілінде келесі сөздермен өріледі: «Халқы оңалып, арықтары тойынды. Ел сүйініп, жауы әлсіреп, жойылды. Қуанышпен әрбір күнін өткізді, жұрт жақсы атын күллі әлемге жеткізді. Елі солай құт-ырысқа кенелді, бөрі менен қозы тоқты теңелді» [1, бәйіттер 3094-3096].

Мұсылмандық өркениет қалыптасуының алғашқы кезеңдерінде «мұсылмандық пайымдау нысаны» рационалистік, аналитикалық сипатта болды. Ол интеллектуалды іс-әрекеттің барлық салаларында жүзеге асып, араб мәдениетіне өзіндік имманентті дүниені пайымдау тәсілдерін қалыптастырды» [6, 363].

Экзотерикалық, зайырлы элитаға арналған Ж.Баласағұн мәтіні «адаб» деп аталатын ағартушылық әдебиетте қалыптасқан, оқырманға жағымды формада қол жеткізерлік «эпистемологиялық» толқынды бейнелейді. Бұл «адам баласының жетістігі білім мен ақылда екендігін баяндайтын» «эпистемологиялық» дәстүр алғысөзде, тарауда байқалады. Мәтінде Ж.Баласағұн және оның кейіпкерлері білімнің мәні, құндылығы, білімге «үйрету» жолдары, білімді жетілдіру туралы пайымдайды. Поэманың қорытындысында Ж.Баласағұн білімнің нәр беруші күші жайында сөз қозғап, өзіне өсиет айта отырып және көңіл-күй жасай отырып жазады. «Құтты білім» атауының өзі «білім» концепциясының жоғары құндылығының дәлелі. Баласағұнның пікірінше, ізгілік, жақсылық алып келетін білім.

Зерттеушілердің айтуынша, неоплатонизм ортағасыр философиясының идеялық бастауы болып табылады. Ортағасырлық философтардың (еврейлік, христиандық, арабтық) онтологиясының неоплатонизмге тікелей тәуелділігіне ешкім күмән келтірмейді. Плотиннің «Бүтін» туралы ойларын оқысаңыз, Ж.Баласағұнның аса зор ілтипатпен айтқан Құдайдың қысқаша сипаттамалары түсінікті болады. Осылайша, Баласағұн метафизикасы (неоплатониктер мен ортағасырлық философтардағы сияқты) «теологиямен астасып, осы теологияланған түрде» оның онтологиялық-гносеологиялық көзқарастарының негізіне айналды. Баласағұн мәтініндегі метафизика мен теологияны теңестіру, Баласағұн концепциясындағы дін мен философияны «татуластыру» «философтар өз көзқарастарын ашылу догмаларымен сәйкестендіруге мәжбүр болған», позицияға қарама-қарсы бағытта жүзеге асырылды. Яғни, Құранды рәміздік-аллегориялық түсіндіру арқылы емес, философиялық ақиқаттарды дін образдарында ары қарай талқылауға мүмкіндік беретін, рәміздер арқылы жеткізу». Ж.Баласағұн өз көзқарастарын түсіндіру үшін саналы түрде поэтикалық-рәміздік тәсілді қолданды.

Егер, әл-Кинди мен әл-Фараби бастаған араб-мұсылман философтарының философиялық білімді теориялық және практикалық деп бөлудің аристотельдік дәстүрін жалғастырғанын ескерсек, аталған білімдер мақсаты мен пайымдау тәсіліне қарай айырмашылықтарының бар екендігін көреміз: аподитикалық пайымдаулар нағыз, күмәнсіз білімге, ақиқатқа жету мақсатында болса, басқа поэтикалық, софистикалық және риторикалық пайымдаулар жалпыға ортақ ізгілікке бағытталған. Бұл кеңмәтінде Ж.Баласағұн практикалық философияны жақсартуға бағытталған тарапта жұмыс жасады.

Автордың сенім символы дәстүрге сай шығарманың басында, Жаратушыны мадақтауға арналған тарауда тікелей жарияланды. Діни кіріспе анықтамаларды, яғни Құдайды мадақтауларды пайдалануға байланысты, келесіні атап көрсеткен дұрыс: араб кітаптарында, олар пролог ретінде бір-ақ рет қолданылады. Баласағұн да кітабын Құдайға деген мадақтаумен ашады, бірақ ол тек онымен шектелмейді. Ары қарай, тағы үш бөлім мадақтаулармен ашылады, бұл сол кезеңде қалыптасқан нормаларға қайшы келді. Поэмадағы үш кейіпкердің



жазбаша жолдаулары төмендегідей басталады: Әділеттілікке деген Бақыт, Даналыққа деген Әділеттілік, Әділеттілікке деген Даналық (осы жолдауларды ылғи да Ақыл жібереді). Олар осы жерде мәтін үшін шешуші мәні бар шектің ететінін көрсетеді.

«Алла атымен айттым сөздің әлібін, Жарылқаған, жаратқан бір тәңірім». Алғашқы шумақтардан бастап, Баласағұн өзінің ортағасырлық дәуірдің негізгі дүниетанымдық принциптерін қолдайтындығын байқатады. Креационизмді, яғни «барлық өзгеретін нәрсені Құдай жоқтан жаратты және керісінше, барлық жаратылғандар өзгеріп, жойылуға ұмтылады», сонымен қатар теоцентризмді, яғни «күллі болмыс, ізгілік пен сұлулықтың қайнар көзі Құдай болып табылады» деген ұстанымдарды қолдады.

Монотеистік мұсылмандық әлем картинасына сәйкес Алла – бүтін және жалғыз Құдай. Плотиннің Алғашқы бүтін идеясы Алланың бүтіндігі мен жалғыздығы туралы «ат-таухид» қағидасында өзіндік ерекше сипатқа ие болды. Ат-таухид исламның негізгі қағидасы және мұсылман өмірі соған сай болуы керек. Исламда ат-таухид ең алдымен политеизмді жоққа шығаруды білдірді, ол «Алладан басқа тәңір жоқ» деген формулада көрініс тапты. Ат-таухид мәселесі теологиялық деңгейде Құдайдың болмысы (аз-зат) мен сипаттарының (ас-сифат), жаратушы мен оның жаратқандарының ара-қатынасын түсіндіру аясында шешілді. Құдай/Алла табиғатының мәні және оның істерінің табиғаты – сол кезеңдегі екі басты талқыланып жатқан мәселелер болды.

Ақын жырлаған бүтін метафизикалық әлем картинасында құдіретті, шексіз Құдайдың *жарату идеясы* анық және айқын сипатталған. «Жаратты ол: жасыл көк, ай, күн, түнді, Қара жер, ел, заман, уақыт, бұл күнді. Тіледі де жаратты бар болмысты, «Бол!» - деді де, бәрін бірден болғызды» [1, бәйіттер 3,4].

Алла барлығын өз қалауымен жаратты. Жаратушы, Құдіретті. Ол – себептердің себебі болып табылады. Барлық болмыс Құдайдан келіп шығады: «Саған өзге кіріге алмас, дарасың, әуелгі де соңғы да өзін сарасың» [1, бәйіттер 15]. Осылайша, Ж.Баласағұн қысқа да анық түрде исламның *генетикалық* (әрбір мұсылман үшін аса маңызды) және *эсхатологиялық идеяларын* жеткізе білген.

Алла алғашқы бастама – алғашқы себеп, нағыз болмыс, өзгермейтін, шексіз болмыс. «Бірегейсің еш қоспасыз, бір мүсін, жараттың сен нәрселердің күллісін, жараттың сен кішісін де, ірісін, өтер бәрі өзің мәңгі тірісің!» [1, бәйіт 14]. Ортағасыр үшін «қалыптасудың болмысқа, өзгерістің өзгермейтінге, немесе басқаша айтқанда уақыттың мәңгілікке қатынасы» маңызды тақырып болды. Баласағұн шығармасында уақыт «осы» әлемнен тыс болмайды, керісінше, ол «тек осы әлеммен, әлемде және әлемнің арқасында» бар болады. Өз кезегінде, «уақыт» пен «уақытша» ұғымдары өзгермелі болмыстың, сонымен бірге адамдық болмыстың негізгі сипаттамалары болды. [4,417]. Осылайша, әлеммен бірге, осы әлемде, заттарда өтіп жатқан өзгерістерді сипаттайтын уақыт ұғымы да пайда болды. «Арбар дүние қылымсып, кәрі қыздай, қыз қылықты, кемпір бет, тәні мұздай!» [1, бәйіттер 399], - деп ақын жырлайды. «Өзгермейтін құнды мәндерді» осы бағытта қарастыруға болады – Жүсіп Баласағұн поэмасының кейіпкерлері, - Күнтолды/Әділеттілік, Айтолды/Бақыт, Оғдылмыш/Ақыл және Одғұрмыш/Даналық – рухани, құдайлық, «мәңгілік» табиғатқа ие, бірақ әрбір адам, халық осы әлемге келгенде, оларға қол жеткізіп, жанадан мәнге толтырылп,

қайта жасауы тиіс. Осылайша Ж.Баласағұнның метафизикалық әлем картинасында *болмыс бүтіндігі идеясы* дамиды.

Болмыс бүтіндігі Құдай, Жалғыз Алла (ана дүние) және феноменалды (осы) әлем деңгейінде көрініс табады. Осы деңгейдегі болмысты Баласағұн Жалғыз, Бүтін, Мәңгі бар деп атайды. «Күмәнсіз, сен мәңгіліксіз, ғажапсыз, қатынассыз, сыртындасың санақтың!» [1, бәйіт 10]. «Жаралғанға түгел танық жаратқан, қос дүниені анық қолға қаратқан» [1, бәйіт 15]. «Ұлылық – сен, толы құдірет-күш еңсен, сенен бөлек жоқ өзінмен түсер тең [1, бәйіт 18].

Араб-мұсылман философиясы қабылдаған антикалық ойдың негізгі қорытындысы: «болмыс – бар, ал ештеңе – жоқ» [7, 288], Ж.Баласағұн еңбегінде мынадай сипатқа ие болды: «Сенің болмысың жаратылыстан емес, өйткені, күллі әлемді жаратқан өзіңсің, ол - сенікі» [1, бәйіттер 356].

Баласағұнның Құдайы «жоғары болмыс» - Бүтін, Жалғыз Алла/Құдай, барлық тіршілікке бірлікті хабарлаушы, күллі болмыс, ақиқат пен ізгіліктің қайнар көзі.

Мәтіндегі Құдай сипаттамаларын талдау Баласағұнның Барлық ізгілікті жасаушы, Құдіретті, Мейірімді, Барлығын білуші сияқты кемелділік, өзінділік белгілерін және «Алғашқы бастама, себеп» секілді (бұл белгі Құдайдың жаратылыспен себеп-салдарлы байланысты екендігін байқатады) салыстырмалы белгілерді де белсенді қолданатынын көрсетеді. «Мәңгілік, бастапқы» (Құдайдың бар болуының бастауын жоққа шығарушы сипат) сияқты теріс сипаттарды «фаласифтер» кеңінен қолданған. Баласағұнның теріс сипаттамаларды қолдануды жалғастыру мысалдарын жалғастыратын болсақ, «Уайымсыз», «қасіретсіз», «теңдессіз», «теңдік те жоқ, оған ұқсас та жоқ»; «танылмайтын», «оның болмысын ақымен тану мүмкін емес»; «ол жолда емес, ол тыныштықта емес, бірақ – бақылаушы, ешкімге ұқсамайтын кейіпте жүретін», «оң жақта емес, сол жақта емес, бұрыннан емес, қазір де емес, жоғарыда емес, төменде емес, анда емес, мында емес» деген теңеулер пайдаланылған.

Осылайша Құдай, ақиқат, абсолютті, мәңгі, жаратылмаған болмыс – «жаратылмыс ақиқатының мәні», «құпия» мен «айқында» жасырылған болмыс. «Осы әлем» осы болмыстың көрінісі ғана болып табылады. Болмыс бүтіндігі бір уақытта «осы әлемге» трансценденттілікті және имманенттілікті білдіреді: «Өзі орынсыз, жаратқан сол орынды, онсыз орын болмас, білгін соныңды!». «Жарату дегеніміз потенциалдық күйінен көріну күйіне өту, яғни, қажеттілікті, құдайлық болмысты іске асыру үдерісі». Баласағұн әрдайым құдайлық болмыстың (Ақиқаттың) формасы ретіндегі әлемнің реалдығын және әлемнің жаратылған екендігін атап көрсетеді. Қажеттінің мүмкінде жүзеге асуы: «Ием ғана жалғыз шері, мұңы жоқ» [1, бәйіт 2]. Яғни, оның көрінісінің мүмкіндіктері және соның салдарынан біздің әлеміміздің көп түрлілігі де шексіз». «Жалғыздығың қосылмай еш санаққа – Еркің сенің жетті күллі тарапқа, Күмәнсіз, сен мәңгіліксіз, ғажапсыз, қатынассыз, сыртындасың санақтың!» [1, бәйіт 10].

Әлемдегі барлық көп түрлілік Бүтінге – Құдайлық Болмысқа қатысты жаратылған және кейінгі болады. Баласағұн поэмасында, біз болмыстың келесі баспалдақтарын, құдайлық бастаудың эманация (таралу, анығырақ айтқанда, сәуле, нұр шашу) арқылы жоғарыдан төменге қарай түсу деңгейін көреміз: жеті планета, зодиактың он екі белгісі, төрт стихия (от, су, ауа, жер), Жаратушы

«ақыл», «сөз», «білім» және «ілім» тарту етіп, ерекше белгілеген тіршілік иесі - адам.

Адам үшін жоғары игілік және ұлы бақыт – Алғашқы бастамамен, болмыспен қауышу. Төменнен жоғарыға қарай өрлеу жолын, әрбір мұсылманның үмітін тек Кемел адам (суфизмде «эл-инсан эл-камил», Ал Баласағұнда «tukalka tukal») ғана атқарады, ол Құдай жаратқан тіршілік иелерінің ішіндегі ең ұлысы ретінде қарастырылады. «Құдаймен бірігу күйі мистиктің көтерілуінің жоғарғы нүктесін құрайды (жалпы, бұл көзқарас тұрғысынан – адам ұмтылысының шегі), бұл күй «Құдайда бар болу» [6, 258], яғни, оның жүзін көріп, сөзін есту деп сипатталады. Осылайша, адам Құдай мен әлем арасындағы байланыстырушы буын болып табылады және өзінде құдайлық және жаратылыс бастамасын үйлестіреді, бұл өз кезегінде, абсолютті (өзгермейтін) және феноменалды (өзгертін) болмыстың бірлігін қамтамасыз етеді.

Өйтсе де, бір жағынан алғанда, Құдай өзінің нағыз болмысының мәнін жасырды. Бұл болмыс, мән құпия болса да, айқын болса да адамның сезім түйсіктерінен алыс, оны ақылмен тану мүмкін емес, бірақ адамның жүрегінде өмір сүреді. Құдайдың нағыз болмысын (“эл-Хак” “Нағыз, ақиқат” – Құдай есімдерінің бірі) көрудің мүмкін еместігі, сонымен бірге, алғашқы болмыстың құпия бастауында Ақиқатты табудың мүмкін еместігі шекті ақиқатқа жоғарылаудың мүмкін еместігін көрсетеді және оны сезімдік қабылдау, ақыл мен жүрекке де қол жеткізуге мүмкін емес етеді.

Алғашқы тараудан-ақ Баласағұн танымдық өзін-өзі шектеуді енгізеді: «Хаққа бүтін сенсең, ділді табындыр, көңілің сенсе – ақылыңды бағындыр! Қандай деме көңіліңді баққайсың, бәріне де көншіп, тыныш тапқайсың. Қайда, қандай! – деме сақта өзіңді, шетсіз, шексіз, біл ұзатпа сөзіңді. Хақ қайда деп, қандай деп те сұрама, барлық жерде ол, біл де мұны сынама!» [1, *bäyimmer* 225-27]. Бұл ерекше тәртіптегі агностицизм. Мұндай ұстанымды түсіну үшін керекті методологиялық рөлді Г.Г. Майоровтың төмендегі сөзі атқарады: «Ортағасырлық философия үшін осы терминдердің ежелгі, не жана мағынасындағы скептицизм мен агностицизм тән емес. Оған құдайлық ақыл жаратқан әлем рационалды және адам танып-біле алатын құбылыс». Оны танып-білу мүмкіндігі оның шектілігінен келіп шығады. Ақылдан тыс және шексіз Құдайды ғана танып-білу мүмкін емес, бірақ бұл философиялық емес, теологиялық бағыттағы агностицизм. Теологиялық апофатика философиялық, «осы әлемдік» танымға қатысты оптимизмнің туындауына себепші болды [4,18].

Шынында, Алланың сипаттарының бірі – адам ақылы «Танылмайтын» болып табылады. Бірақ, жарату үдерісінде барлық заттар құдайлықпен үйлеседі және сол үйлесу арқылы Баласағұнның онтологиялық кестесінде: Құдай/Алла, Әлем, табиғат, білім, тіл, адам өздерінің заңды орнына ие болады. Өйткені, ғарыш (7 планета, зодиактың 12 белгісі (бұруж)), табиғат (от, су, ауа, жер топырағы – өмір сүретін органы құрайтын төрт элемент) – «Құдай жаратылысы, бірлік, тәртіп пен сұлулық алынбайтын және имманентті қасиеттер болып табылады» [4,18]. «Жаратты көр, шыр айналған ғарышты, онымен тынбай бір ғалам жарысты. Жасыл көкке шоқ жұлдыздар қадапты, қара түнді, жарық күнді жаратты, зер сияқты көкте олардың қайбірі, бірі жолбасшы, шолғыншыдай ал

бірі» Алла орнатқан қатаң тәртіпте оның Даналығы көрінеді. Құдай орнатқан «қатаң тәртіп» осы әлемнің танылатындығының негізі болып табылады.

Осылайша, «осы әлемді» танып-білу Алла Даналығын, оның ниетін түсіну екені анық. Сондықтан, «7 планеталар және зодиактың 12 белгісі (бұруж) туралы» атты тараудың соңында Ж.Баласағұн мынадай қорытындыға келеді: «Манадан мен көп ойларды көзедім, білім, ақыл - кереметтің өзегі. “ Ақылға, оның құдіреттілігіне сену онтологиялық негізге ие: өйткені «ақыл (uqus) Жаратушының сыйы» [9,229] және «әлем мәнін» Құдай орнатқан, себебі «ғылым мен ақыл – барлық істердің негізі» [1,77]. «Адамды хақ жаратты да ескерді: оған ақыл (og), білім (bilig), өнер, ес (uquy), намыс (erdam) берді» [9,220].

Білім және сенім мәселесі «жергілікті киімдерді» киініп, өзгеше тарихи-мәдени формаларды қабылдайды. Ақыл мен Көнбістіктің, Көнбістік пен Әділеттіліктің, Ақыл мен Әділеттіліктің әңгімелерін талдағанда шешілетін мәселелерге қатысты бағыттардың түрлі атаулығын, түрлі деңгейлігін байқауға болады. Ақыл мен Әділеттілік әлеуметтік-саяси әрекетінің сәтті қызметін ұйымдастырушы-практиктер. Олардың саяси қалауына «идеалды мемлекеттегі» барлық нәрсе тәуелді. Даналық үшін оның алдында пайда болатын сұрақтар «сұралу», ұяттылық, құлшылық ету, жанкештіліктің метафизикалық кеңмәтінінде көрініс табады.

Білімнің екі жолын бөлуден басқа, мұсылмандардың әлем қабылдауында Құран бойынша: «сенімнің екі түрінің және «ислам» - құлшылық ету, бағыну, яғни сыртқы сенім мен «иман» - білімнен келетін сенім деген екі түсінігінің айырмашылығы» кездеседі [10,13]. Шын мәнінде, осы айқын айырмашылық біздің кейіпкерлеріміздің сенімге деген қатынастарын түсінуге мүмкіндік береді. Барлық кейіпкерлер, кейде автор да «күна жасайды», себебі оларды адастыратын, арбайтын нәрселер көп, бірақ кейіннен олар «өкініп» кешірім сұрайды. Олардың сенімдері, көпшілік сенімі сыртқы болғандықтан Одғұрмышқа ұнамайды. Ол «Ақиқатпен» оңашада, ішкі түйсігімен, қиын да түсінікті диуана-сопы өмірін сүре отырып сөйлескісі келеді. Оның сенімі, қиын-қыстау кезеңдер нәтижесінде пайда болған, жүректен терең сезілген сенім. Осы сенім басқа кейіпкерлердің бойында, оны құрметтеу және оның рухани мәртебесін мойындау сезімін оятады.

Танымның осы екі жолының ара қатынасы қандай? Мәтінде біз нені бақылаймыз – сенімнің ақылдан немесе білімнің сенімнен басымдығын ба?

Мәтінде, диалогтар нәтижесінде, белгілі бір сәтте Ақыл Даналықты үйретеді, ал Әділеттілік сенімсіздік таньғады: Даналық па бұл. Бірақ, кейіннен Ақыл өзінің негіздеріне, өзінің жолының ақиқаттылығына және құндылығына күмәндана бастады. Енді Даналық үйретеді, ағартады, Ақылға өз жолының айқындығын табуға, өз орнын анықтауға көмектеседі. Одан кейін Даналық әңгіме барысында Әділеттілікке іс мән-жайының сәйкессіздігін көрсетеді. «Абыржыған» Әділеттілік «данышпан» Ақылмен сұхбаттаса отырып, айқындық пен бүтіндікке ие болады және өзінің қабілеттілігін қалпына келтіреді. Яғни, Ақыл/Әділеттіліктің жолы сәтті жүзеге асу үшін, Даналық жолы қажет.

Сыртқы сюжеттік линия осы. Ал жасырын бөліктері қандай, неге патша және Үзір кедей диуанадан ақыл-кенес сұрайды?

Халифаттың әлеуметтік тәжірибесінде, көптеген философтар мен ғалымдар түрлі сарайларда қызмет етіп, патшаларға кеңес берген. «Адамдармен қарым-қатынас жасау тәжірибесінің молдығының, ішкі жан-дүниесіндегі сезімдік түйсіктер мен пайымдаулары, сонымен бірге қоршаған әлемді қабылдаулары ерекше болуының арқасында – сопылар адам жанын, оның қылықтары мен әрекеттерін түсінудің жоғары деңгейіне жетті» [8,179].

Е.А.Фроловтың пікірінше сол кезеңге тән маңызды сипаттамалар: біріншіден, «аса нәзік бақылауларға толы, күнделікті өмір тәжірибесінің маңыздылығы» болды. Ал Ж.Баласағұнның мәтіні Е.А.Бертельс айтқандай «күнделікті өмір мен саяси даналық жиынтығы» болып табылады. *Аңғарымпаздық, байқағыштық* «ортағасырлық білімнің маңызды компоненті және ортағасырлық ғалымның міндетті белгісі болды. Бұл қасиетті сопылар шегіне жеткізіп дамытқан». Екінші сипаттаманың мәні, «заманға сай, бірақ қарқынды және айқын көрсетілген білім принципі бүтінді бөліктерге, белгілерге бөле білуде жатыр». Мүмкін осы жерде, барлық нәрсе Құдай және Құдай барлығын білдіреді деген суфизмнің пантеистік көзқарасы көрініс тапқан шығар» [8,180].

Сопылық гносеологияның әдістері, бір жағынан, заманауи өркениеттік жаттануды жеңудің экзистенциалды әдістеріне ұқсас. Яғни «зерттеу, үңілу», «құлақ салу, тыңдау» сияқты экзистенциалды әдістердің сопылық «сезіну» принципімен байланысы бар. Ал басқа жағынан алып қарасақ, мұндай жүйелі қызығушылық пен бақылау сопылар мен перипатетик ғалымдарды қоршаған заттық әлемді зерттеудің эмпирикалық әдістерімен жақындатады. Сопылардың нысаны адам, оның әлемі, оның жеке болмысының маңызды құрамдас бөліктері болды.

Араб-мұсылман гносеологиясы үшін ерекше болған антикалық даналыққа дәстүрлі «күмән» концепциясы. Бастапқы қағидаларды өзара терістеу, қате пікірді алып тастау және нағыз білімді бекіту – білімге деген жолдағы белгілі бір кезең ретінде қарастыру – Ж. Баласағұн жиі қолданған тәсіл.

А.В. Смирновтың айтуынша «абыржу, абдырау» - «хира» термині сопылық әдісті білдіреді. Бар болу және таным үшін ұсынылу тәсілін сипаттауға қолданылады. Бар болу мен жоқ болудың «арасында тұрған» «мүмкін» «абыржулы» деп сипатталады. Бірақ бұл жоғалудың абыржуы және нағыз, шын жолдың жоқтығы емес, «екі орындықтың ортасында» қалған адамның абыржуы емес; бұл «абыржу» «нығаю, мығым болу» мен «дербестікті» білдіреді [6, 356]. Міне, осы «нығаю, мығым болу» Құдайдың бастапқы «Бол» деген сөзімен бірдей. «Ұмытылған», «жоғалған», «күнаһар» болғандықтан, барлығы «бас тартқан» жазмыш қазір өз күшімен, талпынысымен қайта қалпына келді.

Ақиқат критеріі - «жан тыныштығы» немесе антикалық «атараксияның» аналогы «ақыл тыныштығы болып табылады.» Интеллекттің жетілмегендігін табу - халифаттың интеллектуалды әлемінде білімнің ақиқаттылығын дәлелдеудің әдістерін іздеуіне ықпал етті. Логиканың қарама-қайшы ережелерді дәлелдеуге формалды қабілеттілігі, логикаға және ақиқатты рационалды жолмен дәлелдеу мүмкіндігіне деген сенімсіздікті тудырды. Ал, өмір болса, білімді жинақтау және білімге ие болу болып табылады. Практика барысында, тәжірибе арқылы алынған білімдердің дұрыстығын қалай білуге болады? «Бұл үшін екі тәсіл бар: объективті және субъективті. Объективті – сенімнің шындыққа жанасуы;

субъективті – жан тыныштығы, рахаты. Бірақ екінші тәсілге каламның көптеген өкілдері, оның ішінде Ж.Баласағұн да басымдық береді. Себебі, тек ішкі жан-дүниеміз ғана, сеніміміз ақиқат екеніне дәлел бола алады, ақыл барлығын танып-біліп, бүкіл мүмкін болатын жұмысты жасайды. Аталған жұмыс барысында ақылды жұмысқа бастайтын күмәндану бәсеңдемей, қажетті шекке жеткенде ғана тоқтайды [10, 97-98].

Елік өзінің қол астына қызмет етуге дәруішті алғанда міне, дәл осы «жан тыныштығы мен рахатын» ақиқаттың өзгермейтіндігін сезінуді қалайды. «Абыржуың» Әділеттілік өзінен бұрын күмәнін жеңген «парасатты» Ақылмен сөйлескенде өз күмәндарынан арылады. Және әрқайсысының «жандарын құрсаулаған» қорқыныштары жоғалып, олар «жан тыныштығына» қайта ие болып, «қол астындағы иеліктердің қамын ойлап, елдің гүлденуіне, халықтың қамсыз тіршілік етуіне ықпал етті. Күндер тыныш өтіп, жыл артынан жыл келді» [1, бәйіт 5627].

Осылайша, «ақылмен танылған барлық жаратылыстың байланысы» [1, бәйіт 1680] «күрек сүйенішімен» толықтырылуы тиіс, ақиқатқа жетудің рационалды тәсілі интуитивтімен толықтырылып, білім сеніммен бекітілуі тиіс.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік [Мәтін] // ауд. А.Егеубасев – Алматы: Өлке, 2006. – 614 б.
2. Бурабаев, М.С. Об отношении к предшествующей философии [Текст] / М.С.Бурабаев // Аль-Фараби. Историко-философские трактаты. - Алма-Ата, 1985. - С. 8-104.
3. Бурабаев, М.С. Проблемы бытия и познания в философии аль-Фараби [Текст] / М.С.Бурабаев. - Алматы: Наука, 1988. - 223 с.
4. Майоров, Г.Г. Формирование средневековой философии [Текст] / Г.Г.Майоров. - М.: Мысль, 1979. - 417с.
5. Кенисарин, А.М. Понятие метафизики в учении аль-Фараби [Текст] / А.М.Кенисарин // Философия Абу Насра аль-Фараби. - Алматы, 1998. – С.139-160.
6. Смирнов, А.В. Логика смысла: теория и её приложение к анализу классической арабской философии и культуры [Текст] / А.В.Смирнов. - М.: Языки славянской культуры, 2001. - 504 с.; Смирнов, А.В. Справедливость (опыт контрастного понимания) [Текст] / А.В.Смирнов // Средневековая арабская философия. - М., 1998. - С. 250-295.
7. Фрагменты ранних греческих философов [Текст] / Ч.1. - М.,1989. - 576 с.
8. Сагадеев, А.В. Ибн-Сина [Текст] / А.В.Сагадеев. - М.: Мысль, 1980. - 240 с.
9. Древнетюркский словарь [Текст]. - Л.: Наука, 1967. - 676 с.
10. Фролова, Е.А. История средневековой арабо-мусульманской философии [Текст] / Е.А.Фролова. - М.: РАН, ин-т философии, 1995. - 336 с.

Жүніспаев Ж.Е.,  
ҚР ҰҚК Академиясы

Ғылыми-педагогикалық адъюнктурасының тыңдаушысы

«Таблиги Жамағат» ұйымының миссионерлік іс-әрекетінің зардаптары

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялағаннан бастап, мемлекеттік атеизм саясатының орнына 1992 жылғы заңға сәйкес дін бостандығына бағыт алынды. Нәтижесінде, қоғам өмірінің діни саласында терең өзгерістер бастау